

Салима Садыбекова

Білім беру саласының дамуына елеулі үлес қосқан тәжірибелі педагогтардың бірі – филология ғылымдарының кандидаты, доцент Салима Избасқанқызы Садыбекова.

Салима Избасқанқызы студенттерге білім берумен қатар, ғылыми зерттеулер жүргізуде. Ол салыстырмалы және салғастырмалы тіл білімі, шетел тілін үздіксіз деңгейлеп оқыту, шетел тілдерін оқытудағы инновациялық әдістерді тиімді қолдану мәселелері бойынша ғылыми жұмыстармен айналысты.

Педагог тәжірибе жинақтау мақсатында халықаралық CIDA, SAIT, USIS т.б. ұйымдар өткізген семинарларға, АҚШ-тың Денвер, Сент-Луис, Вашингтон, Арвада қалаларында, Малайзияның Куала-Лумпур, Путраджайя қалаларында, Қырғызстан астанасы Бішкекте, Канаданың Оңтүстік Альберта және Саскачеван провинцияларында өткен симпозиум, тренингтерге қатысып, жапондық халықаралық ынтымақтастық агенттігінің (JICA) зерттеу тобы құрамында жұмыс жасады.

АҚШ-тың Бейбітшілік корпусындағы еріктілер жүргізген экономикалық пәндер бойынша дәрістерге, практикалық сабақтарға аударма жасап, тілмаш ретінде кәсіби біліктілігін шыңдады.

Университет базасында ҚР БҒМ Ғылым комитетінің гранттық қаржыландыруымен жүргізілетін ғылыми жобаға қатысты.

Педагогтың ҚР БҒМ БҒСБК ұсынған журналдарда, РИНЦ, G-GLOBAL, SCOPUS ғылыми баспаларында 70-тен астам педагогикалық және ғылыми еңбектері жарияланған. Сонымен қатар, ЖОО студенттері мен магистранттарына арналған 6 оқу құралының авторы. Жергілікті, отандық және шетелдік БАҚ-та мақалалары жарық көрген.

Қазіргі уақытта оқу ордасының "Хабаршы" журналында рецензенттер құрамында жұмыс атқарады. Сондай-ақ, университет сайтындағы ағылшын тіліндегі ақпараттарды өңдеуші және аудармашы.

Айта кету керек, Салима Избасқанқызы жоғары оқу орнындағы қызметін 1993 жылы Ы.Жахаев атындағы Қызылорда агроөнеркәсіп өндірісі инженерлері институтының "Шетел тілдері" кафедрасының ассистенті ретінде бастап, Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің кафедра оқытушысы, аға оқытушы, кафедра меңгерушісі, Көптілді білім беру орталығының директоры қызметтерін атқарды.